



KAZENERGY 10 years INSIDE



АРНАЙЫ БАСЫЛЫМ

X ЕУРАЗИЯЛЫҚ KAZENERGY ФОРУМЫ

БҰЛ БАСЫЛЫМДА

- Қазақстан мен Қытай инженерлік ғылым және технологиялар саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды
- Энергия қауіпсіздігі жөніндегі конференция
- Инвестициялық дауларды шешудің өзекті мәселелері
- Мұнай және капитал: жаңа энергетикалық теңдеулерді шешу
- Еуропа және Орталық Азияны энергетикалық дамыту
- Ұлттық энергетикалық баяндама 2015
- Energy4us көрмесі: «Инновациялық энергетика»

X ЕУРАЗИЯЛЫҚ KAZENERGY ФОРУМЫ

Биылғы форумның күн тәртібінде әлемнің соңғы онжылдықта алғаш рет бірнеше жаһандық сын-қатерлерге, геосаясатта, экономикада және гуманитарлық салада да және ғылыми-техникалық әлемде де сын-қатерлерге ұшырасуы сияқты толғақты мәселелер көтеріліп отыр. Бұл мәселелердің кейбіреуінің шұғылдығы соншалықты, біздің пікірталастарымыздың барысында, табан астында ұсынылған идеялармен шешімі табылуы, себебі ертең кеш болуы мүмкін” Тимур Құлыбаев.

Жуырда X Еуразиялық KAZENERGY форумы аяқталды. Форум шеңберінде пленарлық және бағдарламалық сессиялар, ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, Жастар Форумы, Әйелдер Энергетикалық Клубы және басқа да шаралар өткізілді.

Форумның ашылуында Энергетика министрі Владимир Школьник Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Форум қатысушыларына арналған құттықтау сөзін оқыды.

Ол хатта «мұнай-газ және энергетика саласы - ұлттық экономиканың негізгі сегментінің бірі, елді дамытудың қозғаушы күші» екені атап көрсетілген.

“Өткен он жыл ішінде KAZENERGY қауымдастығы сала кәсіпорындарын шоғырландыру орталығы ретінде өз тұғырын нықтай түсті. Ол мемлекет пен бизнес арасын байланыстыратын буынға айналып, инвестиция тартуға, жаңа технологияларды енгізуге септігін тигізіп келеді. Қауымдастықпен бірге KAZENERGY”-дің Еуразиялық Форумы да қарқынды дамыды» делінген жолдауда.

Форумға Нуер Байкели, Төраға (Министр), Энергетика жөніндегі мемлекеттік басқарма, ҚХР, Таир Мансуров, Еуразиялық Экономикалық Комиссияның Энергетика және инфрақұрылым жөніндегі алқасының Мүшесі (Министр), Йозеф Тот, Президент, Дүниежүзілік мұнай кеңесі (WPC), Канде Юмелла, БҰҰ Бас хатшысының Арнайы өкілі және «Жалпыға бірдей тұрақты

энергетика» бастамасының бас атқарушы директоры (SE4ALL) Владимир Школьник, Энергетика министрі, Қазақстан Республикасы, Сайед Мохаммед Хусейн Адели, Бас хатшы, Газ экспорттаушы елдердің форумы (GECF), Урбан Руснак, Бас хатшы, Энергетикалық Хартия Хатшылығы (Брюссель), Джеральд Дэвис, Дүниежүзілік энергетикалық сценарийлерді зерттеу жөніндегі атқарушы төраға (WEC), Сауат Мыңбаев, Басқарма Төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Ван Юй Пу, Басқарма төрағасы, Sinopec Group, Ян Тейлор, Басқарма төрағасы, Vitol Group, Де Ля Рей Вентер, Атқарушы Вице-Президент, Royal Dutch Shell, Бруно Жардэн, Басқарушы Директор, ЭксонМобил Қазақстан Инк, Брэндан Макмэхон, Басқарушы директор, Total E&P Kazakhstan, Георгий Карнаухов, ТМД елдері бойынша Вице-президент, Schlumberger сияқты дүниежүзілік энергетика саласының басты тұлғалары және басқа да тұлғалар қатысты.



ЕУРАЗИЯ ӨҢІРІНДЕГІ ЭНЕРГИЯ ҚАУІПСІЗДІГІ



Мерейтойлық X Еуразиялық KAZENERGY форумы шеңберінде «Еуразия өңіріндегі энергия қауіпсіздігі: жаңа ынтымақтастық механизмі» мұнай-газ конференциясы өтті. Бұл шара KAZENERGY қауымдастығы, ҚХР Инженерлік Академиясы және CNPC Қытай мемлекеттік мұнай-газ корпорациясымен бірлесіп өткізілді.

Конференция бағдарламасы «Жібек жолы экономикалық белдеуі» шеңберіндегі мұнай-газ саласындағы Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық келешегін талқылауға арналды. Процеске шикізат өндірушілер, транзиттеушілер немесе энергия ресурстарын тұтынушылардың қай-қайсысы болмасын қатысушылардың барлығы үшін қолайлы энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде бірлескен жаңа ынтымақтастық механизмін құру осы конференцияның мақсаты болып табылды.

Пікірталастың негізгі тақырыптары: «Қазақстанның мұнай-газ кешені: іргелі даму бағдары», «Жібек жолын жаңғырту және болашаққа бірге қадам жасау», «Қазақстан мен Қытайдың ғылыми-технологиялық ынтымақтастығының жаңа мүмкіндіктері», «Мұнай-газ Жібек жолының стратегиялық тұжырымдамасы» және басқалары.

Соңғы онжылдықта Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда қатынасы өсіп келе жатқаны өздеріңізге белгілі. Қарқындап дамып келе жатқан энергетика саласы ынтымақтастықтың басымдыққа ие болған салаларының бірі. Қазіргі уақытта қытай компаниялары инжиниринг, ұңғымалар қорына қызмет көрсету, мұнай өндіру, мұнай және газ құбырлары жүйесінің құрылысы және пайдаланылуы, мұнай өнімдерін сақтау және өткізу саласындағы қазақстандық жобаларға қатысуда.

Каспий өңірі қайраңындағы Қашаған кен орнын игеру жөніндегі масштабты және техникалық күрделі жобасындағы CNPC қатысу үлесін сату бойынша ірі мәміле жасау нәтижесінде Қытайдың Қазақстан мұнай және газ нарығындағы ұстанымы күшейе түсті.

Қазақстан Республикасының Энергетика Бірінші Вице-Министрі Ұзақбай Қарабалин, SINOPEC Қытай мұнай және химия корпорациясының Төрағасы Ван Юйпу, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Сауат Мыңбаев, PetroChina Вице-президенті Люй Гуньсиунь, «Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы» РҚБ Президенті Бақытжан Жұмағұлов, SINOPEC жанындағы халықаралық мұнай өндіру және барлау компаниясының Төраға орынбасары және Президенті Фун Чжичан және басқа да жоғары мәртебелі қонақтар конференцияда спикер дәрежесінде сөз сөйледі.

Конференцияда Қазақстан Республикасы Ұлттық Инженерлік Академиясы және Қытай халық Республикасының Инженерлік Академиясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Бұл келісімде инженерлік ғылым және технологиялар саласындағы, атап айтқанда мамандардың тәжірибе алмасулары, ИФТ тиісті салалары арасындағы байланысты нығайту және басқалары бойынша екі ел арасындағы ынтымақтастық көзделген. Келісімге сай Қазақстан мен Қытайдың Инженерлік Академиялары энергетика және қоршаған орта саласында бірлескен зерттеулер жүргізбек.



Мерейтойлық X Еуразиялық KAZENERGY форумы шеңберінде Әйелдер Энергетикалық Клубының екінші кеңейтілген мәжілісі өтті. Басты сессияда Мемлекеттік хатшы, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның Төрайымы Гүлшара Әбдіхалықова, KAZENERGY қауымдастығының Бас директоры Әсет Мағауов құттықтау сөз сөйледі. Business System консалтинг тобының бас директоры Олга Афанасьеваның «Мықты ерлер әлемінде қалай еңбек ету қажет» тақырыбында өткізген лайф-коучингі осы мәжілістің ең қызықты шарасы болды. Оған қоса, мұнай-газ компаниялары топ-менеджерлерінің ерлер жағы Қазақстан Республикасының энергетикалық секторындағы гендерлік саясат туралы өз пікірлерімен бөлісті. Атап айтқанда, «ҚМГ» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Берлібаев Д.А., «ПМХЗ» ЖШС Бас директоры Данбай Ш.А., Фил Мерфи «Би Джи Групп» Вице-президенті және Үкіметпен және қоғамдастықпен байланыс жөніндегі бөлімшенің басшысы Марабаев Ж.Н., «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» Бірінші басқарушы директорының орынбасары, Норвегия Корольдігінің ҚР-дағы Елшісі Оле Йохан Бёрной және басқалары. Мәжіліс соңында ӘЭК мүшелерін және Клуб демеушілерін медальдармен және грамоталармен салтанатты наградтау болды, сонымен қатар Клуб Төрайымы «Kazmortransflot UK Ltd» қаржы директоры Аққайсиева Айзада Үмбетқызы «Қазақстан Республикасының энергетикасындағы әйелдер» биографиялық анықтамалығын таныстырды.

Демеушілер:



Deloitte



BG KAZAKHSTAN
БИ ДЖИ ҚАЗАҚСТАН

VIII KAZENERGY «ЖАСТАР. ҒЫЛЫМ.
ИННОВАЦИЯЛАР» ЖАСТАР ФОРУМЫ



Форумның ең мағыналы әрі қызықты шарасы жастардың қатысуымен өтеді. Онда болашағынан үміт күттіретін жастар буыны мұнай-газ және энергетика саласының кәсіпқойларымен қызу әңгімелесу жүргізеді. Биылғы Жастар форумының жұмысында энергетикалық саланы дамытудағы және Қазақстанның ірі мұнай-газ және энергетикалық жобаларына жаңа инновациялық идеяларды енгізудегі жастар рөліне ерекше көңіл бөлінді.



Жастар Форумының қонақтары: Ұзақбай Қарабалин, Қазақстан Республикасының Энергетика Бірінші вице-министрі, Йозев Тот, ДМК президенті, Дэниел Ергин, IHS зерттеу компаниясының вице-президенті. НАТР АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Жұматай Сәлімов «Бизнестегі

ғылым. Инноваторлар ұрпағы» дискуссиялық панелінің модераторы болды. «Made in Kazakhstan» тақырыбында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының корпоративтік даму жөніндегі орынбасары Берлібаев Данияр

Әмірбайұлы, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, «ASTANA ARLANS» кәсіпқой спортшылар клубы) ЖШС Бас менеджері Серік Сәпиев, Эко Такси құрылтайшысы Максим Сәрсенов және The Summer Startup School негізін қалаушы Арман Сүлейменовтар сөз сөйледі.

Оған қоса, биылғы форумда Сафи Өтебаев атындағы үздік стипендиаттар осымен алтыншы рет бас қосты. Сафи Өтебаев атындағы стипендиаттар слетінің қатысушыларына дәстүрге сай сертификаттар табысталды, сонымен қатар «Happy Farm» бизнес-акселераторының негізін қалаушы және бас директоры Дегтерева Аннаның қатысуымен «Жаспын, таланттымын, бақыттымын дейсің бе? Тамаша!» шеберлік класы ұйымдастырылды.

Сафи Өтебаев атындағы стипендиялар мен гранттар – жоғары оқу орындарының студенттеріне және өндірістік колледждердің оқытушылары мен шеберлеріне тағайындалатын Қазақстанның мұнай өндірісінің танымал қайраткерінің аты берілген шәкіртақы.



Мұнай-газ және энергетика саласындағы инновациялық жобаларды әзірлеушілердің «INNOVATION MAN» байқауы қорытындыланды. Қазылар алқасы үшінші орынды Төлеп Ернұрға «Органикалық Күн Батареясына арналған Оңтайлы зерттеулер және Полиимидтік үлдірдерді металдандыру» жобасы үшін берді, 200 000 теңге көлемінде сыйлық және «Сколково» қоры Ашық университетінің 2016 жылғы шараларына қатысуға шақыру; екінші орынды — Марқаев Ергалиға «Өрттен қорғайтын универсалды экологиялық таза материал» жобасы үшін берді, 300 000 теңге көлемінде сыйлық, Қазақ-Британ техникалық университетінде MBA бағдарламасы бойынша білім алу және жобаны Ресейде дамытуға арналған Сколково қорының қосымша гранты. Бірінші орынды — Сыздықов Сағидолла «Интеллектуалдық кен орны» жобасымен иеленді, 500 000 теңге сыйлық, «Назарбаев Университет» университетінде MBA бағдарламасы бойынша білім алу. Байқау жеңімпаздарына өз жұмыстарын Ғылыми-техникалық кеңестің мүшелері алдында таныстыру мүмкіндігі берілді. ҚР Энергетика министрі В.С.Школьник инноваторлар алдында құттықтау сөз сөйледі. Ол мемлекеттің экономиканың барлық салаларында өз технологияларын әзірлеу және қолдануға деген ерекше мүдделілігін, ел энергетикасына инновациялық шешімдерінің аса қажеттілігін және отандық ғылымды дамытудағы жастар рөлін атап көрсетті.

Одан әрі ҚР Энергетика Бірінші Вице-министрі Ұ.С.Қарабалиннің төрағалық етуімен және Karachaganak Petroleum Operating B.V., «Kazenergy» ЗТБ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және энергетикалық және ғылыми-зерттеу құрылымдары өкілдерінің қатысуымен өткен ғылыми-техникалық кеңесте «Innovation man» байқауының жеңімпаздарын қоса алғанда, оншақты инноваторлардың баяндамасы тыңдалды.

Демеушілер:



NORTH CASPIAN
OPERATING COMPANY



ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫН ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ



Мерейтойлық X Еуразиялық KAZENERGY форумы шеңберінде «Қазақстанның мұнай-газ саласын ғылыми-технологиялық дамытудың өзекті міндеттері» техникалық семинары өтті. Мұнай-газ өндірісінің инженерлер қоғамы осы шараның ұйымдастырушысы болды (SPE).

Семинар қатысушылары технологиялық дамудың аса маңызды әрі толғақты аспектілерін де қарастырды және Қазақстан үкіметі мен мұнай-газ компаниялары арасындағы мақсатты тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін әрі қарайғы қадамдарды белгіледі. Атап айтқанда, қатысушылар сейсмикалық кескіндердің құрылысы әдістерін жетілдіру, төтенше жағдайда мұнай тазарту технологияларын, Қазақстанның мұнай-газ саласына технологиялар іздеудің жүйелік тәсілін, мұнай-газ өндірісіндегі киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқаруды қоса алғанда, Каспий өңіріндегі қолданылып отырған технологиялық міндеттер мен технологияларды таныстырды.

Талқылау барысында «Қазақстанның өндіруші секторын ғылыми-технологиялық дамытудың жол картасын» ұзақ мерзімді іске асыру шеңберінде осы міндеттерді шешу жолындағы стратегиялық бағыттар мен тәсілдер бойынша әртүрлі көзқарастар мен ұсыныстар қаралды.

Семинарға ҚР энергетика министрлігі, Инвестициялар және даму министрлігі, SPE, KAZENERGY қауымдастығы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, өндіруші және сервистік компаниялар, оның ішінде BG, Shell, ExxonMobil, Schlumberger,

«Теңізшевройл», KPO, NCOC, IHS Energy, UK Technology Facilitator, Norway OG21, Nostrum oil & Gas, APGK өкілдері, ғылыми орта мен Nazarbayev University және ҚБТУ сияқты жоғары оқу орындарының өкілдері, мұнай-газ саласының сарапшылары да қатысты.

Қатысушылар атап өткендей, Еуразиялық өңір мұнай мен газдың қомақты қорын иелене отырып күн өткен сайын осы пайдалы қазбалардың дүниежүзілік өндірісінің маңызды көзі және орталығы ретінде қалыптасып келе жатыр. Осы өңірде табиғи ресурстарды игеру үшін, бірқатар күрделі экологиялық және логистикалық міндеттерді шеше отырып пайдаланылатын мұнай-газ кен орындарының балансталған игерілуін қамтамасыз ету мақсатында ауқымды инвестициялар, күрделі инновациялық тәсіл және белсенді ынтымақтастық талап етіледі.

Соңғы онжылдықта мұнай және газ өндіру индустриясының барланған резерв ауқымы шамамен 400 миллиард баррель мұнай эквиваленті көлемінде өсті. Қолайлы экономикалық жағдай және барлау мен өндіруге жаңа технологияларды қолдану бұрын қол жетімсіз болған мұнай-газ ресурстарын табуға мүмкіндік берді.

Индустрия алдында ендігі кезекте тұрған міндет: бұрын пайдаланылған кен орындарының өндірісін барынша ұлғайтқан кезде және тиімді операциялық қызметтерді қолдау кезінде энергия ресурстары жеткізілімінің қол жетімділігін және тұрақтылығын қолдау үшін осы резервтерді игеру. Жаңа технологиялар Қазақстандағы мұнай және барлау саласындағы жаңа технологиялық сын-қатерлерлі шешуде басты рөл атқарады. Сондықтан, мұнай-газ секторының компаниялары өздерінің күш-қуатын технологиялық инновацияларға және тиімді қарым-қатынастарға шоғырландыруы тиіс.

ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВ:



«Қазіргі уақыттағы мұнайдың төмен бағасына қарамастан, біздің ірі жобаларымыз, Қазақстандағы мұнай өндіру деңгейін ұстап тұра алатынын, тіпті ұлғайтатынын атап өткім келеді».

«Қазақстанда мұнай өндіру деңгейі 2020 жылдардың басында тәулігіне 2 млн. баррельге дейін жетеді, осы арқылы еліміз мұнай мен газдың ірі өндірушілерінің ондығына кіреді».

«Көмір өндіру еліміздің энергетикасында қазір және болашақта да негізгі өндіріс болып қала бермек, бізде әлем бойынша 60% астам көмір өндіріледі. Атом энергетикасын дамыту бойынша жобалар да бар. Әрине, біз жаңармалы энергия көздерін дамытуға да назар аударып отырмыз. Қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» АҚ жел электр санциялары бойынша алғашқы жобаларын таныстырып жатыр. Қазатомөндіріс күн панельдерін өндіру бойынша зауыт салды және жалпы бұл бағыт бұдан былай дами бермек.»

«Қытай компаниялары – Қазақстанның мұнай секторындағы ең белсенділерінің бірі, олар Қазақстандағы мұнайдың 25% астамын өндіреді. Қазіргі уақытта нарыққа SINOPEC GROUP жаңа қытай компаниясы келді, ол Қазақстандағы Лукойл активтерін сатып алды және бұл белсенділік біздің құбырларымыздың қуаттылығымен лимиттеліп отырғаны түсінікті.»

X Еуразиялық KAZENERGY форумының баспасөз хабарламасы

VII ӨНДІРУШІ САЛАНЫҢ АЙҚЫНДЫҒЫ БАСТАМАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ



29-қыркүйекте X Еуразиялық KAZENERGY форумы шеңберінде VII Өндіруші саланың айқындығы бастамасы жөніндегі Ұлттық конференция (ИПДО) өтті.

ИПДО Қазақстанда іске асырудың халықаралық, саяси және бәсекелестікке қарсы сипатта мәртебесі жоғары және компаниялар мен үкіметтің өндіруші сектордағы табыстарының айқындығына, халыққа қол жетімділігіне бағытталған.

Жыл сайын 100-ден астам қатысушы ИПДО бойынша Ұлттық Конференцияға қатысады, олардың ішінде ИПДО-ға тартылған елдердің қоғамдастық өкілдері, Парламент мәжілісінің депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың, халықаралық институттардың және ұйымдардың өкілдері де бар. Биыл шет мемлекеттерде бағдарламаларды іске асыру тәжірибесімен бөліскен ИПДО-ға қатысушы елдердің өкілдерінің қатысатынын атап көрсеткен жөн.

Конференцияның негізгі тақырыбы – компаниялардың қызметтері туралы қосымша мәліметтерді ашу, сонымен қатар 2016 жылы жаңа валидтеу рәсімінен өтуге даярлық контекстінде Қазақстанда әрі қарай ИПДО-ны алға бастыру шараларын талқылау.

ИПДО енгізуші елдердің ішінде Қазақстан бірінші болып 2013 жылғы мамырда Халықаралық басқарма қабылдаған жаңа Стандарттарға сәйкес Ұлттық есеп даярлағанын атап көрсеткен жөн. Халықаралық сарапшылар атқарылған істерге жоғары баға берді.

Жаңа стандарттар бойынша әзірленген Ұлттық есеп бүгінгі күні ашылуы талап

етіліп отырған, атап айтқанда: өндіруші сала бойынша контекстуалдық ақпарат, бюджетке түсетін табыс бойынша ақпарат, жекеменшіктегі мемлекет үлесі бойынша дивидендтер бойынша ақпарат, тасымалдау бойынша деректер, өндіруші саланың ел экономикасына қосқан үлесі туралы деректер, әлеуметтік инвестициялар және басқалары бойынша барынша мол деректерді қамтыған. Оған қоса, көпшілікке арналған қарапайым және қол жетімді форматтағы негізгі, концептуалдық деректерді бейнелейтін кеңінен танымал есеп нұсқасы алғаш рет таныстырылды.

Конференцияның екінші маңызды тақырыбы – ИПДО-ны субұлттық деңгейде іске асыру ісін талқылауды жалғастыру. Осыған байланысты, Конференция жұмысына азаматтық қоғамның және халық алдындағы есеп беруді және Қазақстан өңірлеріндегі әлеуметтік саланы қаржыландыру туралы бұқара көпшілікке хабарлауды қамтитын, өңірлерде ИПДО қағидаттарын алға бастыру міндеттемелері жүктелген өндіруші компаниялардың да өкілдері қатысты.

Шараны ИПДО Ұлттық Хатшылығы KAZENERGY қауымдастығымен, Дүниежүзілік Банкпен, GIZ Қазақстан және басқа да ұйымдармен бірлесіп ұйымдастырды.



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЛАҒА АРНАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР



«Астана EXPO» ҰК АҚ-мен бірлесіп ұйымдастырылған «Энергетикалық салаға арналған инновациялық шешімдер» сессиясымен аяқталды, онда КСШ қарқынын азайту және оны шешу жолдары; теңіз көлігіне баламалы энергия көздерін пайдалану қажеттілігі; энергетикадағы сыртқы инновациялық әлеует; есті энергетиканы дамытуға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мәселесіне және басқа да мәселелерге назар аударылды.

Қазақстан Республикасының Энергетика Вице-министрі Бақытжан Жақсалиев және «Астана ЭКСПО-2017» ҰК АҚ Басқарма төрағасының Бірінші орынбасары Әлішер Пірметов қатысушыларға арнап құттықтау сөз сөйледі.

Пікірталасқа қатысушылар, олардың ішінде И.М. Губкин ат. Мұнай және газ РМУ ректоры Виктор Мартынов, Марат Орманов, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС Бас директоры, «Сколково» қорының энергиялық тиімді технологиялар кластерінің Атқарушы директоры, Вице-президент Николай Грачев, Huawei Орталық Азия және Кавказ бойынша Вице-Президенті Цю Лэй, «Текноу» ЖАҚ Бас директорының орынбасары Игорь Корнеев және ЭСКАТО Солтүстік және Орталық Азия бойынша субөңірлік бөлімінің Басшысы Тициана Бонапаче мұнай-газ саласының әрі қарайғы дамуы жаңа технологияларды енгізуге тікелей байланысты екенін атап көрсетті.

Цю Лэй мырзаның айтуынша, ақпараттық технологиялар мұнай-газ саласындағы бизнесті дамыту құралы ретінде кәсіпорындарды жоспарлау және оңтайландыру, жұмыс процестерін жетілдіру үшін цифрлық мұнай өнеркәсібін дамыту, сондай-ақ мұнай-газ бизнесін жүргізетін әртүрлі жүйелерді енгізу кезінде қолданылады.



Х Еуразиялық KAZENERGY форумы шеңберінде энергетика саласындағы инвестициялық дауларды шешудің өзекті мәселелеріне арналған Дөңгелек үстел мәжілісі өтті.

Энергетика секторындағы инвестициялар, мысалы, транзиттік инфрақұрылымның қолданыстағы нысандарын жаңарту және жаңасын салу, халықаралық деңгейде реттеу және қолдауды талап етеді. Қазақстанның Энергетикалық Хартия жөніндегі Конференцияға (2014 ж.) төрағалық етуі шеңберінде Қазақстан дауларды шешу механизмдерін жетілдіру бойынша бірқатар бастамалар көтерді. Осы мәселенің өзектілігін ескере отырып, Дөңгелек үстел Энергетикалық Хартия Хатшылығымен бірлесе отырып даярланды және ол Гаага қ. 2015 ж. мамырда өткен Энергетикалық Хартияның Гаага заң форумындағы Үкіметтер мен энергетикалық компаниялар арасындағы энергетикалық дауларды тиімді шешу жөніндегі бірінші жаһандық диалогтың жалғасы болып табылады.

KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының Орынбасары, Энергетикалық Хартия Бас хатшысының инвестицияларды қорғау механизмдерін жетілдіру мәселелері жөніндегі Арнайы өкілі Жамболат Сәрсенов Дөңгелек үстелдің негізгі спикерлерінің бірі болып сөз сөйледі.

Дөңгелек үстел жұмысына Энергетикалық Хартияға Шарт шеңберінде жұмысқа тартылған Қазақстанның негізгі министрліктерінің

басшылары, Қазақстан Республикасының Әділет министрі Берік Мәжитұлы Иماشев, Қазақстан Республикасының Энергетика Бірінші Вице-Министрі Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалин, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жауапты хатшысы, заң ғылымдарының докторы Қанатбек Бейсенбекұлы Сафинов, сонымен қатар, шетелдік қонақтар: Энергетикалық Хартияның Бас хатшысы Урбан Руснак мырза, Вашингтондағы инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықтың Бас хатшысы Мэг Киннер ханым, Гаагадағы Тұрақты Аралық Соттың Бас хатшысының Орынбасары Брукс Дэйли мырза, Стокгольм арбитраждық институтының Бас Хатшысы Аннетт Магнуссон ханым, Бүкілресейлік сыртқы сауда академиясының профессоры, халықаралық арбитр Нина Вилкова ханым, White & Case (Лондон, Москва) серіктесі Дэвид Голдберг мырза және осы саладағы басқа да беделді сарапшылар қатысты.

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты үкімет пен компания арасындағы диалогты ынталандыру болды. Болып өткен интерактивтік талқылау халықаралық энергетикалық дауларды шешу механизмдерін және энергетикалық сектордағы инвестицияларды алға бастыру үшін оларды жетілдіру мәселелерін талдауға мүмкіндік берді.



30 қыркүйекте дүниежүзілік энергетика көш-басшыларымен «Мұнай және капитал: жаңа энергетикалық теңдеулерді шешу» интерактивтік пікірталасы өтті.

Газ экспорттаушы елдер форумының Бас хатшысы (GECF) Сайед Мохаммед Хусейн Адели, Энергетикалық Хартия Хатшылығының (Брюссель) Бас хатшысы Урбан Руснак, «ҚазМұнайгаз» ҰК АҚ Басқармасының Төрағасы Сауат Мыңбаев, Ванг Юпу, Sinopet Group Басқармасының төрағасы, Ян Тейлор, Vitol Group Басқармасының төрағасы Джеральд Дэвис, Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңестің дүниежүзілік энергетикалық сценарийлері зерттеулері бойынша атқарушы Төрағасы (WEC), сондай-ақ модераторы, IHS Вице-Төрағасы, Лауреат Пулитцер сыйлығының лауреаты Дэниел Ергин сияқты нарықтың жетекші «мейджерлері» энергия ресурстарының бағасын тұрақтандыру, ОПЕК-тің дүниежүзілік нарықты өз бетінше баланстау қабілеті, нарық тұрақсыздығы жағдайында энергиялық жобаларды қаржыландыру перспективалары, болжамды даму сценарийлері және болашақ энергетикалық баланс және басқалары сияқты өзекті мәселелерді талқылады.

Спикерлер атап көрсеткендей, бүгінгі күнгі мұнай құнының деңгейі бойынша картель мүшелері арасында ортақ пікірдің болмауы олардың арасындағы қарым-қатынастың үзілуіне әкелуде және мұнай өндіру саласында ортақ саясат жасау арқылы ОПЕК-тің өзінің нарықты бақылау қабілетіне күмән келтіруде. Бір сөзбен айтқанда, ОПЕК мүшелері арасындағы мұнайдың төмен бағасын қолдайтын және керісінше, олардың әрі қарай түсуіне қарсы болып отырған осындай күрделі қарым-қатынастар - осы халықаралық ұйымның қандай да бір трансформациялануына әкелуі екіталай. ОПЕК ұстанымымен келіспей отырған елдердің сарапшыларының пікірінше, баға жағдайын реттеу үшін ОПЕК құрамына кірмейтін дүниежүзілік нарықтың ірі мұнай жеткізушілері келіссөздер үстелінде өз ұсыныстарын енгізуі тиіс.

ТҰРАҚТЫ РЕСУРСТЫҚ БАЗА – ЭНЕРГИЯ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ІРГЕТАС



KAZENERGY қауымдастығы Халықаралық энергетикалық агенттікпен бірлесіп осы тақырыпта ұйымдастырған сессия өтті. Сессия барысында геологиялық барлау және жаңа кен орындарының әлеуеті есебінен жетіспейтін ресурстардың орнын толтыру мәселелері талқыланды. Мамандар Қазақстанның тереңде жатқан кеніштерін жаңадан іздеп табу мүмкіндігін болжамдап отыр. Елімізде «Еуразия» геологиялық барлау жобасы батамаланды. Ол мұнай-газ саласын көмірсутекті шикізаттың «стратегиялық режимімен» қамтамасыз етеді және болашақта өндірудің азаюын болдырмауға септігін тигізеді және тұрақты индустриалдық дамудың және энергетикалық қауіпсіздіктің іргетасы болмақ. Жобаны іске асыру үшін жаңа инновациялық технологияларды және ірі инвестицияларды тарта отырып техникалық төңкеріс жасау, жағымды инвестициялық климат қалыптастыру керек. Талқылау барысында әртүрлі елдердің осы саладағы инновациялық технологияларды енгізу және дамыту жүйелерін құру бойынша тәжірибелері (озық тәжірибесі) сөз етілді.

Сессияның қатысушылары: модератор - Дуарт Фигуейра, Еуропа, Таяу Шығыс және Африка бойынша бөлімшенің Басшысы, Жаһандық энергетикалық саясат офисі, Халықаралық

энергетикалық агенттік (IEA), Камел Бен Накёр, Тұрақты энергетика және технологиялар саясаты мәселесі жөніндегі директор, Халықаралық энергетикалық агенттік (IEA), Ұзақбай Қарабалин, Қазақстан Республикасы Энергетика Бірінші Вице-министрі, Мэри Бёрс Уорлик, Мемхатшының энергетика мәселелері жөніндегі бас орынбасары, Мемлекеттік департамент, АҚШ, Де Ля Рей Вентер, Атқарушы Вице-Президент, Royal Dutch Shell, Бруно Жардэн, Басқарушы Директор, ЭксонМобил Қазақстан Инк. Эрик Масане, Энергетикалық технологиялар бөлімшесінің басшысы, Тұрақты энергетика және технологиялар саясаты директоры, Халықаралық энергетикалық агенттік (IEA)



ЕУРОПАДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКА- ЛЫҚ ДАМУ ӨЗГЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҮШІН САЛДАРЛАРЫ



«Еуропадағы энергетикалық даму өзгерістері және оның Орталық Азия үшін салдарлары» тақырыбындағы екінші жұмыс сессиясы «Жаңа энергетика көкжиектері: ынтымақтастық пен инвестициялар келешегі» X Еуразиялық KAZENERGY форумы шеңберінде өтті.

Сессия Дүниежүзілік энергетикалық кеңеспен бірлесіп ұйымдастырылды. Ол тұрақты энергетикалық келешектегі табиғи газ рөліне арналды. Спикерлер Еуропада энергиямен жабдықтауды және энергетикалық қауіпсіздікті әртарапандыру мәселелерін және Украина рөлін; еуропа нарығына мұнай және газ жетізу үшін Каспий өңіріндегі шектес инфрақұрылымды және кен орындарын игеру; энергия ауыстыру сын-қатерлерін және Қазақстанның энергетикасына әсерін, сонымен қатар табиғи газ жеткізушілерінің алдында тұрған сын-қатерлерді талқылады.

Сессияның қатысушылары: модератор - Эйнари Кисель, Өңірлік менеджер, Еуропа, Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес (WEC), Андрей Васильев, Атқарушы хатшының орынбасары, БҰҰ ЕЭК, Игорь Мартыненко, Энергетика және көмір өндірісі министрінің Бірінші орынбасары, Украина, Алмасадам Сәтқалиев, «Самұрық-Энерго» АҚ басқармасының төрағасы, Қайыргелді Қабылдин, Бас директор, «ҚазТрансОйл» АҚ, Пол Расмуссен, Бас хатшы, Халықаралық газ одағы (IGU)

Джеральд Дэвис, Дүниежүзілік энергетикалық сценарийлерді зерттеу жөніндегі Атқарушы Төраға, Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес (WEC), Эдвард Чоу, Аға ғылыми қызметкер, Энергетика және Ұлттық қауіпсіздік бағдарламасы, Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығы.

ӨҢІРЛІК ИНТЕГРАЦИЯЛАР ЖАҒДАЙЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ МАЗМҰНДЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



30 қыркүйекте «Өңірлік интеграциялар жағдайында жергілікті мазмұнды дамыту перспективалары» тақырыбында сарапшылық семинар өтті. Оны ҚР Энергетика министрлігінің және «NADLoC» Ұлттық жергілікті мазмұнды дамыту агенттігі» АҚ қолдауымен KAZENERGY қауымдастығы ұйымдастырды.

Шараның мақсаты – ҚР Үкіметі мен жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың салалық жобаларда интеграциялық процестерді ескере отырып жергілікті мазмұнды дамыту бойынша жұмыстарын бағалау. Жергілікті мазмұн кез келген елдің кәсіпорын қызметіндегі отандық тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің үлесін білдіретін, яғни, пайдаланылатын ТЖҚ сапасын және тиімділік деңгейін көрсететін индустриалдық-инновациялық даму деңгейінің көрсеткіші екені анық.

Дөңгелек үстелдің жұмысы жергілікті мазмұнды дамытудың халықаралық тәжірибесін талдауға, алдыңғы қатарлы тәжірибені зерттеуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қазақстандық мазмұнды арттыру бойынша тәжірибесіне және жаңа өндірістерді құруды ынталандыру бойынша іске асырылған шараларына шолу жасауға бағытталады.

Шара бағдарламасында ұзақ мерзімді перспективада әртүрлі салалар мен жобаларды айқындау бойынша мүдделі тараптарды шоғырландыру; инвестициялық климатты қалыптастыру; ақпарат жинаудың біртұтас платформасын құру; жергілікті мазмұнды қолдауға бағытталған мемлекеттік

саясатты әзірлеу және енгізу; жобаларды басқару бойынша бірыңғай операторлар құру; мұнай-газ және энергетика саласындағы жергілікті мазмұнды реттеу бойынша нормативтік-құқықтық актілерді құру; мұнай-газ және энергетика саласына ірі компанияларды тарту және оларды қолдау, конгломераторларды өсіру; ЕАЭО, ДСҰ және т.б. шеңберінде жоғары бәсекелестік жағдайында отандық өндірушілерді қолдау бойынша стратегиялық тәсілдер сияқты өзекті мәселелерді жариялау қамтылған.

Дөңгелек үстелдің негізгі спикерлері: Дүниежүзілік мұнай кеңесінің Президенті (WPC) Йозеф Тот және ҚР Энергетика Вице-министрі Мағзұм Мырзағалиев. Сондай-ақ, WPC мүше елдерінің, KAZENERGY қауымдастығы, «NADLoC» АҚ, «PSA» ЖШС, «Теңізшевройл» ЖШС, Karachaganak Petroleum Operating B.V., Agip және басқаларының өкілдері сөз сөйлейді деп жоспарланған.

қазіргі уақытта отандық өңдеуші өндірістің ішкі нарықты отандық бәсекеге қабілетті өніммен қамтамасыз етуге әлеуеті бар, алайда, өндіріс ауқымы және сәйкесінше отандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ауқымы импортталатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ауқымына қарағанда өте төмен. Көптеген елдердің жағдайы осыған ұқсас. Олардың Ұлыбритания, Бразилия және Норвегия сияқты кейбіреулері біршама табыстарға қол жеткізе алды.

ҚР Энергетика Вице-министрі Мағзұм Мырзағалиевтің айтуынша соңғы бірнеше жылда Қазақстанда ТЖҚ жергілікті мазмұнды дамыту процестерін жетілдіру бойынша қыруар жұмыстар атқарылды. Осылайша, 2010 жылмен салыстырғанда жер қойнауын пайдаланушылардың ТЖҚ сатып алу ауқымы 2 есе өскен, жергілікті мазмұн үлесі - 2,5 есеге артқан.

ТАЗА ЭНЕРГЕТИКАНЫ ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ҮРДІСТЕРІ



Алмасадам Сәтқалиев, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы, Мохамед Эль-Фарнавани, Стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры - IRENA Аппаратының Басшысы, Бақытжан Жақсалиев, ҚР Энергетика Вице-министрі, Мохамед Муса Омран, Мысыр электрлеу және энергетика министрінің Бірінші орынбасары, Левон Шахвердян, Армения Энергетика және табиғи ресурстар министрінің орынбасары, Джон Вудс, Minas Energy Вице-Президенті (Канада), Дегер Сайгин, IRENA Инновациялар және технологиялар орталығының ЖЭК Жол картасы- бағдарламасының үйлестірушісі және Найджел Джоландс, ЕҚДБ саяси мәселелер жөніндегі аға менеджері осыларды және басқа да өзекті мәселелерді талқылады. 2030 жылға дейін еліміздегі генерацияға ғана бөлінетін инвестициялар саланың базалық сценарийін іске асыру барысында \$54 млрд көлемінде және және конвервативтік сценарий кезінде \$36,5 млрд көлемінде бағаланып отыр.

Кейбір елдер Фукусима АЭС-тегі апаттан кейін өздерінің атомдық бағдарламаларын ысырып қойды, ал (Қазақстан және Ресей сияқты) басқа елдер, керісінше, АЭС идеяларын алға жылжыту және ҚР-да атом станцияларын салу жобаларын іске асыру бойынша жұмыстарға қызу кірісті.

Бұған қоса, біздің елімізде күн және жел энергиясының қондырғылары, кіші ГЭС-тер пайдалануға берілуде. Қазақстан EXPO 2017 «Болашақ Энергиясы» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге даярланып жатыр.

ҰЛТТЫҚ МҰНАЙ-ГАЗ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЯТТАҒЫ СТРАТЕГИЯСЫ



30 қыркүйекте KAZENERGY форумы барысында «Ұлттық мұнай-газ компанияларының қазіргі жағдаяттағы стратегиясы» тақырыбында сессия өтті. Мұнай бағасының және капитал шығындарының төмендеуіне байланысты сессия сарапшылары Орталық Азия және Кавказ өңірлеріндегі мұнай-газ индустриясының осы факторларының салдарлары туралы өз пікірлерін ортаға салады. Талқылаулар нарық қатысушылары үшін кен орындарының коммерциялық бағалауларын өзгерту мәселелеріне және ірі мұнай-газ компанияларының өндірулерінің жалпы әлемдік портфельге болуы мүмкін әсеріне қатысты болады. Сонымен қатар, Каспий Құбыр Консорциумы және Қазақстан-Қытай құбыры сияқты ірі инфрақұрылымдық жобаларға әсері де қаралатын болады. Бұған қоса, Wood Mackenzie компаниясының Орталық Азия және Кавказ өңірлеріндегі көмірсутек өндіру перспективалары бойынша болжамы да ұсынылады.

Сессия қатысушылары дүниежүзінің ірі мұнай-газ корпорацияларында, ұлттық мұнай-газ компанияларында соңғы 12-18 ай ішіндегі тұрақсыздық оқиғалары аясында болып жатқан ауқымды өзгерістер картинасын да қарастырады. Пікірталастар Орталық Азия және Кавказ өңірлеріндегі нарық қатысушыларының мүдделерінің трансформациялануын талдауға, сондай-ақ олардың инвестициялық жобаларға қатысты көзқарастарына бағытталады. Талқылауға қатысқандар: Данияр Берлібаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Басқармасы Төрағасының орынбасары, Брэндан Макмэхон - Total E&P Kazakhstan Басқарушы директоры, Валентина Кретчмар, Wood Mackenzie Зерттеулер жөніндегі директоры, Ник Геллатли, Wood Mackenzie Ресей және Каспий өңірі бойынша зерттеулер жөніндегі директоры, Непес Бяшимов, Төраға орынбасары, "Туркменгаз" Мемлекеттік концерні, Эшли Шерман, старший аналитик по Каспийскому региону Wood Mackenzie, Саймон Флауерс, Аға вице-



Президент, Wood Mackenzie. Өз сөзінде Данияр Берлібаев былай деп атап көрсетті: «Біз қазіргі

уақытта Компанияның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын аяқтаудамыз. Бұдан әрі трансформациялау бағдарламасы компанияның барлық бизнес-сегменттерінің тиімділігі мен бәсекеге қабілетін арттыру бойынша жүргізілетін болады». Одан әрі ол былай деп мәлімдеді: «Барлау және өндіру компания қызметінің басты бағыты болып қала бермек. Осы бағытта компания өз алдына мұнай өндіру ауқымы бойынша 2025 жылға қарай әлемдегі ең ірі 30 өндіруші компанияларының қатарына кіру міндетін қойып отыр. Бұл кезеңге қарай біз қазіргі өндіру деңгейін 22,3 млн. тоннадан 35 млн. тоннаға дейін арттыруды жоспарлап отырмыз (өсу шамамен 43%)».

В своем докладе Брэндан Макмэхон өз баяндамасында мұнай бағасының өсуін, «Егер мұнай бағасы төмен болып қала берсе, аса қиын қорларды игеру кейінге қалдырылады... бұл - мұнай және газ нарығын нәтижесінде «қысатын» фактор» - деп атап көрсетті.

X ЕУРАЗИЯЛЫҚ KAZENERGY ФОРУМЫНЫҢ ДЕМЕУШІЛЕРІ

KAZENERGY қауымдастығы X Еуразиялық Форумына қолдау көрсеткен компанияларға алғыс білдіреді.


Бас демеушілер:



Алтын демеушілер:



Күміс демеушілер:



Қола демеушілер:



Демеушілер:



ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЯНДАМАНЫҢ II ШЫҒАРЫЛЫМЫ



X Еуразиялық KAZENERGY форумында жаңартылған Ұлттық энергетикалық баяндама көпшілік назарына ұсынылды. Соңғы жылдары дүниежүзілік энергетикалық картина біршама өзгерді. Экспорттық нарықтар, бағыттар және т.б. өзгерістерге ұшырады. 2013 жылғы алдыңғы баяндама уақытынан бері

қазақстан экономикасы мен энергетикасына түбегейлі әсер еткен маңызды геосаяси және экономикалық өзгерістер болды. Бірінші кезекте, 2000 жылдардағы «шикізат

суперциклының» аяқталғанын әйгілеген артық сұранысқа байланысты мұнай бағасының түсуі орын алды. Баяндама әзірлеушісі - IHS CERA халықаралық аналитикалық агенттігінің деректеріне сай 2016 жылы шикі мұнай бағасы орта есеппен 63 долл./барр. дейін және 2020

жылға қарай шамамен – 80 долл./барр. дейін көтеріледі. 2035 жылға дейін әлемде бастапқы энергия ресурстарына мұраныстың өсуі орта есеппен жыл сайын 1,3%-ды және тәулігіне 90-нан бастап 115 млн барр. дейін жетеді деп болжамдануда. Қазақстанда шикі мұнай өндірудің жиынтық ауқымы 2014 жылғы 80,8 миллион тоннадан (тәулігіне 1,7 млн. баррель) 2020 жылғы 95,4 млн. тоннаға дейін (тәулігіне 2,0 млн. барр.) өседі. Еуропа елдеріндегі өз мұнайының өндірілуі азаятындықтан Еуропа Қазақстаннан шикі мұнай экспорттайтын маңызды нарық болып қала береді. Ұлттық энергетикалық баяндама Қазақстанның отын-энергетикалық



кешенін дамытудың ағымдағы жай-күйі мен

перспективасы туралы кешенді түсінік береді. Онда Қазақстанның мұнай-газ және энергетика саласының біртұтас жүйе ретінде тұрақты дамуына деген KAZENERGY стратегиялық көзқарасы берілген.

KAZENERGY форумында Ұлттық энергетикалық баяндамаға энергетика саласындағы танымал сарапшы, IHS Вице-Төрағасы, Пулитцер сыйлығының Лауреаты Дэниель Ергин шолу жасады.

МҰНАЙ-ГАЗ ҚОРЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕ- КЕТТІК РЕТТЕУ



Мерейтойлық X Еуразиялық KAZENERGY форумы шеңберінде «Мұнай-газ қорларын есепке алу саласындағы мемлекеттік реттеу» тақырыбында бизнес-таңғы ас өтті. Талқылау барысында РФ қорларын есепке алу жүйелерін жаңарту алғышарттары, мемлекеттік реттей мәселелері, қорларды есепке алудың жаңа жүйесін әзірлеу және оған көшу кезінде туындайтын мәселелер және басқалары қаралды. Талқылауға Ұзақбай Қарабалин, ҚР Энергетика Бірінші вице-министрі, Георгий Карнаухов, Schlumberger компаниясының ТМД елдері бойынша вице-президенті, Лэрри П. Коннор, басқарушы аға вице-президент, Директорлар кеңесінің мүшесі, «Райдер Скотт Компани» және Базарбай Нұрабаев, ҚР ИДМ геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы қатысты. SPE-PRMS (Petroleum Resources Management System) и SEC (U.S. Securities and Exchange Commission) халықаралық деңгейде көпшілікке танымал қорларды есепке алу жүйесі болып табылады.

Көмірсутек бөлігінде халықаралық қорларды есепке алу жүйесін енгізу үшін көмірсутек қорлары балансын мемлекеттік реттеуді (мониторинг) қоса алғанда, қорлар мен ресурстарды есепке алу ісін қолданудың халықаралық тәжірибесін алдын ала зерттеу қажет.

Дөңгелек үстел форматында қазақстандық жүйеге жуық жүйе ретінде Ресей Федерациясының қорларды есепке алу жүйесін жаңарту тәжірибесі талқыланды.

Елбасының «Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» жоспарында индустриалдандыру және экономикалық өсу бөлігінде пайдалы қазбалар қорларын халықаралық есепке алу жүйесін енгізу қарастырылған.



ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫ ГЕОСАЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ НАЗАРЫНДА



Форумның екінші күнінің негізгі пленарлық сессиясы «Энергия ресурстары геосаяси қарым-қатынастардың назарында» тақырыбында өтті. Оған модератор дәрежесінде - Крис Бёрнс, Euronews арнасының The Network бағдарламасының жетекшісі, спикерлер дәрежесінде - Андрей Доминик Джеря, Румыния Энергетика министрі, Джам Камал Хан, Пәкістан Ислам Республикасы Мұнай және табиғи ресурстар мемлекеттік министрі, Антон Павлов, Болгария Республикасы Энергетика министрінің орынбасары, Михаил Маргелов, «Транснефть» АҚ» ААҚ Вице-президенті, Джим Николсон, Argus Media Ltd Азия өңірі бойынша Аға Вице-Президенті, Саймон Флуорс, Wood Mackenzie Жаһандық индустрияның корпоративтік зерттеулері жөніндегі Бірінші Вице-Президенті қатысты.

Спикерлер дәл осы энергия ресурстары соңғы уақыттағы РФ мен Батыс елдері арасындағы саяси және экономикалық шиеленісулерге байланысты екі дай жақтың көбінесе қысым көрсететін тетігі болып отырғанын атап көрсетті.

ЕО елдері бұрынғысынша ресейлік газдың импортына тәуелді. Сонымен қатар, оны Украина аумағы арқылы транзиттеуге және құбылмалы баға белгілеулеріне байланысты тәуекелдер де бар, мұның өзі еуропалық елдердің осы импорт көздерін әртараптандыруға деген ниетін күшейтеді.

Газ артериясының бәсекелестігі қайтадан күшеюде. Ресейді айналып өтіп газ өткізуді ұсынатын маршруттар ерекше өзектілікке ие болып отыр. Азия нарығы еуропалық газ жеткізіліміне салмақты балама болмақ. Геосаяси

менмендік үлкен энергетикалық ойында басты карта болып отыр.

Осындай жағдайда дүниежүзілік энергетиканы модельдеудің қолданылатын құралдарының деңгейі жеткіліксіз екені, ал өңірлерде жалпы энергетикалық қауіпсіздікке қол жеткізу үшін біртұтас күш ретінде әрекет ету қажеттігі түсінікті. Мәскеу өңірлердегі көрші мемлекеттермен тең құқықты қатынастар жасау үшін Еуразиялық энергетикалық дамуды жоспарлау және жобалау орталығын құруды ұсынып отыр. Осыған байланысты, нарықтың басқа қатысушыларының пікірлері де қызықтырады.

Румыния Энергетика Министрі Андрей Доминик Джеря үкіметаралық келісімдерге сүйене отырып Қазақстан мен Румынияның энергетика саласының екіжақты жобаларын енгізу



аяқтайға ниеттеніп отыр. Ол Қазақстан Республикасы Румынияның Орталық Азиядағы бірінші коммерциялық серіктесі болып табылатынын және оның пікірінше, «екіжақты саудасаттықты көтеру үшін қолайлы мүмкіндіктер бар» екенін ескертті. Румын министрі Rompetrol жобасы шеңберінде дамып келе жатқан ынтымақтастықты, Petrom компаниясының Алматыдағы өкілдігінің және басқа жобаларының жұмыстарын атап көрсетті. Қазіргі уақытта Румыния Қазақстанның «ҚазМұнайГаз» ұлттық холдингімен Қара Теңіз арқылы Констанца портына шикі мұнай жеткізілімін ұлғайту мәселесі бойынша ынтымақтастықты жалғастыруды жоспарлап отыр.

Ресейдің қолданыстағы және жаңа мұнай құбырлары жобасын, оның ішінде

Қытай тарабына үздіксіз мұнай жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған мұнай құбырлары жобасын таныстыра отырып, «Транснефть» ААҚ Вице-президенті Михаил Маргелов Еуропаның өз елі үшін негізгі бағыт болып қала беретінін атап көрсетті. «Өндіруші елдер, транзиттік елдер, тұтынушы мемлекеттер арасында тоқтаусыз өсіп жатқан өзара ынтымақтастыққа байланысты жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті нығайту үшін барлық мүдделі тараптар арасында серіктестік қатынастарды дамыту қажет. Және де біздің ойымызша, ашық, тиімді әрі бәсекеге қабілетті дүниежүзілік энергетикалық нарық қалыптастыру осы нәтижеге қол жеткізудің ең озық тәсілі», - деп мәлімдеді ол. Өз кезегінде, Argus Media Ltd Азия өңірі бойынша Аға Вице-президенті Джим Николсон қазіргі уақыттағы әлемдегі мұнай бағасына әсер ететін факторлар туралы айта келіп, осы процестің «мүлдем жаңа шындығына» назар аударды. «ОПЕК бұрын-соңды өндірілмеген ауқымда мұнай өндіруде. Мұнай экспорттаушы елдердің ұйымы өз өндірісін азайтпайды», - деді ол. Батыстың Иранға қатысты ықпалшараларды алып тастауы да негізгі баға индикаторларына әсер ететінін атап көрсетті. Иран әлемдік нарыққа шамамен келесі жылдың басында толығымен қайта кіреді деп күтілуде. Николсон мырза осы орайда ықпалшара алып тасталғаннан кейін бір ай өткен соң бұл елдің әлемдік нарыққа 2 млн баррельге жуық мұнай шығара алады деп мәлімдеген Иран Мұнай министрінің сөзін тілге тиек етті. Спикер бұл «өте көп ауқым» деп атады. Ол ОПЕК құрамына кірмейтін елдер де мұнай өндіруді арттырып отырғанын атап көрсетті. Осы орайда, Ресей дүниежүзілік мұнай және газ конденсаты нарығындағы екінші ірі жеткізуші екенін айтты.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘРІ ҚАРАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНЕ АРНАЛҒАН DOWNSTREAM СЕКТОРЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ, KAZENERGY, PSA, НСОС ЖӘНЕ КРО АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ



Форумның соңғы бағдарламалық сессиясы «Қазақстанның әрі қарай экономикалық өсуіне арналған downstream секторының әлеуеті» тақырыбында өтті. Клаус-Пит Хельсинг, Вице-Президент Fluor B.V., Асхат Омаров, «Бірлескен химия компаниясы» ЖШС Басқармасының Төрағасы, Ғабит Зәкәрия, «Полимер Продакшн» ЖШС Басқармасының Төрағасы, Ғалымжан Амантұрлин, «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ департаментінің Директоры – Бас директордың кеңесшісі – АҚ сарапшысы, Доминик Лавин, Халықаралық метанол өндірушілер қауымдастығы мемлекеттік ұйымдар және қоғамдастықпен жұмыс жөніндегі директоры (MI) және Ромеин Ру, Axens KGNT Energy Efficiency Бас директоры Қазақстандағы мұнай-химия саласын дамыту перспективаларын, қолданыстағы МӨЗ жаңарту және технологиялық қайта жарақтау, мұнай өңдеуші зауыттарда пинч-талдау көмегімен энергия үнемдей және басқа да мәселелерді талқылады.

Спикерлер өз баяндамаларында мұнай траекториясы бірте-бірте салалық мәселелерден ұйымдық мәселелерге көңіл аудару және жоғары дейгейдегі өндірісті дамыту қажеттігін ескеретінін атап көрсетті. Бұл тоқыраудан экономикаға барынша азырақ шығын келтіре отырып өтуге көмектеседі. Азия елдері ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, кластерлерге, инфрақұрылымдар мен ноу-хауларға назар аудара отырып,

мұнай-газ салысының дамуына белсенді жағдай жасауда. Осы елдердің үкіметтері мұнай өңдеу және мұнай-химия орталықтарын дамытуға мол инвестиция салуға әзір. Осы орайда, Азия осы саладағы

технологиялар мен интеллектуалдық ресурстардың көзі ретінде қызмет етеді. Қазақстанда downstream секторы экономиканы әртараптандырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Еліміз осы сегментке ауқымды қаражат пен азиялық және батыс технологиялары мен тәжірибелерін тарта отырып, кластерлік жолмен келе жатыр. Республиканың МӨЗ-інде ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Қазақстанның батысында заманауи газ-химия кешені салынып жатыр.

Шектес салалардың мультипликациялық өсуі, Индонезия, Иран, Қытай елдеріндегідей негізгі жобалар айналасында шағын және орта бизнес кәсіпорындарын салу құрылып жатқан кластердің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді деп күтілуде.



29 қыркүйекте VII KAZENERGY Жастар форумы барысында KAZENERGY қауымдастығы, «PSA» ЖШС, Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. және «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжатта Солтүстік Каспий және Қарашығанақ жобалары шеңберінде ҚР азаматтарын оқыту шығындарының тиімділігі мен ашықтығын арттыру бойынша бес тараптың күш-қуатын біріктіру; әр Тараптың өз міндеттері мен атқарымдарын, Мердігерлердің өз міндеттемелерін тиімді іске асыруы үшін жағдай жасау; даярлау және қайта даярлау істерін қаржыландыру бойынша бірлескен шешімдер арқылы қазақстандық мамандардың біліктілігін арттыру көзделген. Жалпы алғанда, бұл ынтымақтастық мұнай-газ саласының сұранысқа ие мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлауға және біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.



«ENERGY4US: «ИННОВАЦИОННАЯ ЭНЕРГЕТИКА» КӨРМЕСІ

Энергетикада жаңа технологиялық жетістіктердің қолданылуын көрсету мақсатында X Еуразиялық Форум күндері «Energy4us: «Инновациялық энергетика» көрмесі өткізілді. Осы көрме шеңберінде: Үздік инновациялық стенд және Аудиторияның ең үздік таңдауы номинациялары бойынша байқау өткізілді. KMG International (Rompetrol) және «Самұрық-Энерго» АҚ жеңімпаз атанды.



KAZENERGY 2015 ФОРУМЫНЫҢ ҚАРАРЫ

Үш күнді қорытындылай отырып Х Еуразиялық KAZENERGY энергетикалық форумының қатысушылары халықаралық мұнай-газ және энергетика серіктестігін Еуразия құрылығындағы барлық мемлекеттердің мүддесі мен пікірлерін ескере отырып жоспарлы әрі тұрақты дамыту қажеттілігін белгілейді, Қазақстан экономикасының дамуына мұнай-газ және энергетика кешенінің сақталып отырған жоғары әсерін атап көрсетеді және төмендегі міндеттерді шешуге ұмтылатынын мәлімдейді.

Жер қойнауының меншік иелері-мемлекеттер арасындағы барлау/өндіру саласына қол жетімді инвестицияларды тарту үшін бәсекелестіктің алда күшейетінін ескере отырып, жер қойнауының меншік иелері-мемлекеттерге дүниежүзілік индустриядағы бәсекелестік балансын ескере отырып сыртқы инвестициялау тәсілдерін түзету ұсынылды.

Таяу келешекте дүниежүзілік энергетикалық саясат энергетикалық қауіпсіздікті, энергия үнемдеу сенімділігін одан әрі арттыруға, тарифтерді төмендетуге, энергия ресурстары түрлерін әртараптандыруға, энергия өндірудің және оны тұтынушыларға тасымалдаудың меншікті шығысын азайтуға бағытталады. Ағымдағы үрдістер ұзақ мерзімді перспективада мұнайдың нарыққа анағұрлым жоғары бағамен түсетінін көрсетіп отыр. Негізгі жауаптылық басты мұнай өндіруші елдерге жүктеледі, мұнай нарығының сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігін қалпына келтіру қабілеті олардың балансталған саясатына тәуелді.

Интеграциялық процестерге ерекше көңіл бөлінді. Энергия ресурстарының

ортақ нарығын құру ЕАЭО-ға «энергия нарығының әлемдік картасында» негізгі ойыншылардың бірі дәрежесінде берік орнығуға мүмкіндік береді. Одақтың энергетикалық әлеуеті мен оң тәжірибесін халықаралық қауымдастық жылы қабылдап отыр.

Форум қатысушыларының пікірінше, Қазақстан салық салу, мемлекеттік реттеу және шетелдік инвесторлармен басқа да серіктестік түрлерінде бәсекеге қабілетті ынталандырмаларды ұсына отырып, шетелдік инвесторлар қатысатын жобаларды дамытуға мүмкіндік бере алады.

Қазақстан мұнай және газдың қомақты қорын иеленіп отырғандықтан және оның жаңа кен орындарын ашу, барлау-ізвестіру жұмыстары саласында маңызды әлеуеті болғандықтан Форумда шешімдері елдің одан әрі экономикалық дамуына әсер ететін ҚР Үкіметінде талқылау үшін басым мәселелердің тізімі айқындалд.

Қазақстанда мұнай өндірудің жалпы сенімділігі мен тұрақтылығының өсуі барлау және өндірудің тек ірі жобаларына ғана емес, сондай-ақ шағын жобаларына да байланысты. Тәуелсіз қатысушылар Қазақстан Республикасының жаңа ресурстар кенішін игеруге шығармашылық тәсілдерді қолдану (дәстүрлі емес мұнайды қоса алғанда) және қолданыстағы кен орындарын белсенді түрде қайта игеру арқылы мұнай-газ секторында маңызды және позитивтік рөл атқаруы мүмкін. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, стартап пен орта бизнес мұнай-газ саласын инновациялық дамытудың қозғағышы болып отыр.

Қазақстанның ЖІӨ энергия сыйымдылығы ЭЫДҰ елдеріндегі орташа

көрсеткішпен салыстырғанда жоғары болып отыр, экономиканың әрі қарай бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін және еуропа елдерінің стандарттарына жақындату үшін энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша бағдарламаларды іске асырудың маңызы зор.

Өңдеуші өнеркәсіпті дамытуды жалғастыру, атап айтқанда қолданыстағыларын жеделдетіп жаңарту және қазіргі заманға сай мұнай өңдейтін және мұнай-химия кәсіпорындарын салу керек. Өз кезегінде, инновациялық ақпараттық-коммуникациялық технологиялар «есті энергетиканы» дамытуға мүмкіндік береді.

Электр энергетикасы саласында жағымды инвестициялық климат құру бойынша ынталандырушы шаралар кешенін қарастырып, энергетиканың жаңа баламалы бағыттарын дамыту бойынша жұмыстарды күшейту қажет.

Энергетикалық қызметтердің қоршаған ортаға әсері мәселесінің маңыздылығына назар аударып отырып, сонымен қатар, болашақ ұрпақ үшін жаңармайтын энергия ресурстарының әлеуетін сақтау үшін энергетикалық балансқа жаңармалы энергия көздерін тарту, энергетика кәсіпорындарындағы қоршаған ортаны ластандыруды мониторингілеу жүйесін жетілдіру, экологиялық таза технологияларға және қазіргі заманғы отын стандарттарын өндіруге көшуді жылдамдату. Осы орайда, жаңармалы энергетиканы дамытуға жергілікті атқарушы билікті және қоғамдастықты тарту қажет.

Қатысушылардың баяндамалары мен Форум туралы ақпарат <http://kazenergyforum.com/> сайтына жарияланған.



Бюллетеньге ақпараттарды жариялау мәселесі бойынша KAZENERGY баспасөз қызметіне хабарласыңыз
Тел: +7(7172) 790181
Alimova@kazenergy.com